Сыр бойы

№23-24
(20097-20098)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13 ақпан, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ЭКОНОМИКА

2 Құрылыста іркіліс жоқ

МӘДЕНИЕТ

6 Сыр өнері сенім биігінде

СПОРТ

7 Сенім арқалаған саңлақтар

ТАНЫМ

8 Ескі Сауран есігінде

«Барлық реформа адам игілігіне бағытталады»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Президент өз сөзінде сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалар аталған салаға жаңадан білікті мамандарды жұмылдыруға, әділ сот төрелігін орнықтыруға тиіс екенін атап өтті.

Мұндай шаралар, ең алдымен, қоғамның соттарға деген сенімін нығайту үшін жасалып отыр. Сонымен қатар соттар мен сот рәсімдері қазіргі заман талабына сай болуға және азаматтарымыздың, бизнес пен инвесторлардың құқықтарын қорғауға тиіс. Президент мемлекеттің індетке қарамастан, сот жүйесін жаңғыртуды жалғастыра беретінін атап өтті. Енді осы жаңа нормалардың нақты жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп, сот қызметіндегі бюрократияны түбегейлі жою қажет.

– Жоғарғы сот төрағасы судьялардың біркелкі жағдайда әртүрлі шешімдер қабылдайтыны жөнінде маған бірнеше рет баяндаған. Мұндай келеңсіздіктерге жол беруге болмайды. Соның салдарынан қоғамда наразылық туындап, соттардың бәрі жемқор деген қауесет тарайды. Осы орайда Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары мен сот тәжірибесіне жасалған шолуларды басшылыққа алу қажет. Сондай-ақ IT қызметтерінің талдау жасау мүмкіндігін пайдаланған жөн. Соттар қылмыстық процесті жүргізу барысында тергеу органдарына жалтақтамауы керек. Егер сотта мемлекеттік айыптаушы сотталушының кінәсін дәлелдей алмаса, айыптау үкімін шығаруға болмайды. Судьялар табандылық танытса, тергеу амалдары сапалы жүргізілетіні анық. Қылмыстық құдалауға түскен азаматтардың құқықтары да лайықты қорғалары сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға барлық реформаның негізі адам игілігіне бағытталатынын ескертті. Сондықтан сот рәсімдері бәріне түсінікті болуға тиіс. Адам игілігіне бағытталған бұл әдіс биылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін әкімшілік әділет жүйесінің діңгегі болуы керек. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықты сот жүйесіне деген сенімге селкеу түсіріп отырған негізгі факторлардың бірі деп санайды. Тек соңғы 5 жылдың ішінде сыбайлас жемқорлық фактісі үшін Фемиданың 17 өкілі жауапқа тартылды. Түркістан облысында сотталған алқа төрағасы мен облыстық соттың судьясына қатысты жемқорлық деректері қоғамда үлкен шу туғызды.

Президент мемлекеттік қызметшілер мен кәсіпкерлердің өзара ықпалдастығына қатысты мәселені де қозғады.

– Кәсіпкерлерге орасан зор шығын келтірген мемлекеттік аппарат пен басқа да тұлғалардың ісі ауыр қылмыспен теңестірілуі керек деп санаймын. Бұл мәселені шұғыл түрде заңнамалық тұрғыдан рәсімдеу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесіне де тоқталды.

Сонымен қатар кеңесте Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Рүстем Жүрсінов сөз сөйледі. Жиын алдында Президентке Жоғарғы соттың өз жұмысында пайдалана бастаған ақпараттық жүйелері мен көрсететін жаңа қызметтері таныстырылды.

Ұлттық комиссия отырысы

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның отырысы өтті.

Бейнебайланыс форматында өткен отырыста Қырымбек Көшербаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақаласында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі дамытудың құнды бағдарларын айқындағанын атап өтті. Біріншіден, Тәуелсіздігіміздің қастерлі құндылықтарын қорғау мен қастерлеу, екіншіден, қоғамдық дамудың өзекті мәселелері бойынша нақты мемлекеттік ұстаным екенін айтты.

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың айтуынша, 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру аясында 8 миллионнан астам адам қамтылған 30000 іс-шара өткізілген. Бағдарламаны іске асырудың жаңа құнды тәсілдері мен тетіктері шаралардың аясын үш негізгі бағыт бойынша кеңейтуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда: «Тұлғалық даму», «Ұлттық бірегейлік және халықаралық мәртебені арттыру», «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қоғамдастықтардың дамуы». Сонымен қатар арнайы 4 жаңа жоба енгізілді. Олар: «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Құқықтық мәдениет» және «Еңбек – елдің мұраты».

«Туған жер» арнайы жобасының аясында өткен жылы отандық меценаттар негізгі аймақтық инфрақұрылымдық объектілерді дамытуға 10 млрд теңге көлемінде қаржы бөліп, әлеуметтік маңызы бар 537 нысан салып, 445 нысанға жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Отырысқа қатысушыларға Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асырудың арнайы Жол картасы ұсынылды.

БРИФИНГ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Тарихи тұлғаларды терең зерттеп, олардың еңбегін ғылыми тұрғыдан насихаттау – ұлттық сананы оятудың негізгі факторы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жас ұрпақ тәуелсіздік тағылымын танып, оны қастерлеп, құрметтеп отыруы тиіс деген болатын. Биыл өңірде мерейлі мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Сыр жұрты» танымдық-пассионарлық жобасы әзірленді. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте хабарлады.

«Сыр жұрты» тарихты дәріптейді

Жоба 5 бағыттан тұрады. Оның қатарында «Сыр саңлақтары», «Туған жер – тұнған шежіре», «Тал бесіктен жер бесікке дейін», «Сыр елі – Жыр елі» және «Сыр өңірі – ұлттық құндылықтардың темірқазығы» тақырыптары қамтылған.

– Мерекеге орай облыстық басқармалар мен салалық мекемелер «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы негізінде «Сыр жұрты» танымдық-пассионарлық жобасын әзірледі. Мақсат – өңірдің тарихи-саяси және мәдени-рухани даралығын айшықтап, өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің құндылығын ұғындыру. Жоба алдағы 3 жылға жоспарланған. Енгізілген бес бағыттың өзіндік ерекшеліктері бар. Біз түркі жұртына ортақ тұлға Қорқыт атадан бастап, Сырда өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы телехабарлар дайындап, ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізіп, тарихи орындарға экскурсиялар ұйымдастырмақпыз. Салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды, тәрбие дағдыларын, дәстүрлі отбасы құндылықтарын, салауатты өмір салтын насихаттаймыз. Жастар арасында жыршы-жыраулық, ақындық, күйшілік және орындаушылық өнерді насихаттауға қолдау білдіреміз, – деді С.Ахмет.

Сонымен қатар спикер мәдениеттанушылар, тарихшылар, философтар мен әлеуметтанушы мамандардың қатысуымен лекторийлер, зиялы қауым өкілдерімен кездесулер, сұхбаттар секілді түрлі форматты шаралар ұйымдастырылатынына тоқталды. Жалпы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өту жөніндегі облыстық кешенді шаралар жоспарына елдің еселі жетістіктерін насихаттайтын 260 шара енгізілген. Жоспар «Жасампаздыққа толы жылдар» басты идеясы аясында 12 тақырыптық бағытта жүзеге асады.

«СБ» ақпарат

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес Қызылорда облысы әкімі Г.Н.Әбдіқалықованың халыққа есеп беру кездесуі 2021 жылғы 17 ақпан күні сағат 11:00-де онлайн форматта өтеді.

Облыс әкімінің есеп беру кездесуі «Qyzylorda» телеарнасында және Қызылорда облысы әкімдігінің «Youtube» каналында тікелей эфирден көрсетіледі.

Аймақ басшысына қоятын сауалдарыңыз немесе толғандырып жүрген мәселелеріңіз болса, мына төмендегі мекенжайларға жолдауға болады:

400-100 call орталығы
400-100.KZ сайты
@AKIM400100BOT
(«Telegram» каналы)

Табыстың кілті – еңбекте

Уақыт алға жылжыған сайын адамдарға бір іспен шектелмей, жан-жақты болуды талап етіп, үйретуде. Осыны түсінген жастар бос уақытын пайдаланып, табыс табудың сан қырын меңгеруде. Жастардың бұл ынтасын мемлекет те қолдады. Қайта оқытады, тың идея болса тыңдайды және демеу жасайды.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланғандардың бірі – Гүлнұр Борбасова. Ол – «Бастау» жобасының 2019 жылғы түлегі, IT саласының маманы. Алматы қаласындағы банктердің бірінде жұмыс істеген. Бала күтімінде отырған кезде уақытты босқа өткізбейін деген ниетпен тоқыма тоқуды хоббиіне айналдырған.

Әлеуметтік желі арқылы онлайн курстарға қатысып, тоқуды үйреніп алады. Қазір бас киім, мойынорағыш, сөмкенің сан түрін тоқиды. Жасаған дүниесі көзтартарлық. Енді кеудеше тоқуды үйренуде. Бастысы, тоқыған өнімдерін табысқа айналдыруды көздеп отыр.

– «Бастау» жобасын 2019 жылы оқыдым. Ол кезде курс оффлайн жүргізілді. Бизнес-тренер Наталья Мишуковадан сабақ алдым. Бизнесті бастаудың алғышарттарымен танысып, салықтық және өзге де есептіліктерді тапсыруға қатысты құнды ақпараттарға қанық болдым. Осылайша қызығушылықтан басталған тірлігімді табысқа айналдырдым», – дейді жас кәсіпкер.

Гүлнұр сертификат алған соң, курста әзірлеген бизнес-жоспарын «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы гранттық комиссия алдында қорғады. Нәтижесінде 530 мың теңге қайтарымсыз грантқа қол жеткізді.

– Жіптің сапасына ерекше мән беремін. Қазір итальяндық жіптерді қолданып жүрмін. Арнайы тапсырыспен алдырамын. Таза, меринос қойының жүнінен әзірленген. Табиғи өнім болғандықтан бұл жіптен тоқылған бас киімдерді жаңа туылған сәбиге де кигізуге болады. Терлетпейді, денсаулыққа пайдалы. Бас киім, мойынорағышты тоқып болған соң жуып, арнайы тәсілмен кептіріп барып тапсырыс берушіге ұсынамын, – дейді ол.



Еңбекқор қыз жұмысын жеңілдету үшін грант қаржысына тоқыма машинасын сатып алыпты. Тоқыма машинасы еңбек өнімділігі үшін маңызды. Бұйымдарды қолдан тоқуға біршама уақыт кетеді. Кей бұйымды 2-3 күнде әзірлесе, күрделісін 1 аптада дайындайды. Ал тоқыма машинасы бұл олқылықтың орнын толтырады. Өнім санының артуы табысқа әсер ететіні айтпаса да түсінікті.

Кейінгі кезде жастардың қолөнерге деген қызығушылығы артып келеді. Газет бетінде мұндай қолөнершілер жайында көптеп жазылып та жүр. Ұлттық өнердің бір бөлшегі саналған қолөнердің жандануы Гүлнұр секілді жастар барда ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні сөзсіз.

МАҚАЛАҒА ҮН ҚОСТЫ

ЕЛ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы көптің көкейіндегісін дөп басып, қоғамда қызу талқыға түсті. Бұл орайда ел дегенде елгезектік танытып, жұрт дегенде жұмыла қызмет атқарған аға буынның айтары көп. Аймақтың бірқатар ардагері «Достық үйінде» өткен жиынға қатысып, тәуелсіздіктің құндылығы, қоғамдағы қазіргі мәселелер туралы ойларын ортаға салды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысты.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Шараны жүргізген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев қатысушы әрбір азамат тарихи сәттің қалай жүзеге асырылғанын, алғашқы сәттегі қиындықтарды жақсы білетінін жеткізді. Сондай-ақ, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен саяси тұрақты, экономикасы орнықты мемлекет қалыптасқанын баса айтты.

Қоғам қайраткері Нәжмадин Мұсабаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Жаңақорған ауданында атқарылған ауқымды істер, Арал теңізіне «Көкарал» бөгеті салынып, «САРАТС-1» атты ғаламат жобаның жүзеге асқанын, Елбасының Арал ауданына сапары, төл теңгенің айналымға түсуі кезінде жасалған жұмыстар туралы кеңінен сөз қозғады. Теңізді ауданда іске асқан жобалар, әлеуметтік нысандардың бой көтеруі, халық тұрмысының жақсаруы тәуелсіздіктің жеңісі екеніне тоқталды.

Мұнан кейін философия ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Баймырза Қожамберлиев бұл стратегиялық бағдарламалық мақала екенін, әр сөзінде үлкен ой, міндеттер барын айтып, әділетті қоғам, адами капиталды қалыптастыру, тіл, жер, экология мәселесі туралы ойын жеткізді. Ал, еңбек ардагері, «Темірбек Қараұлы Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәпен Аңсатов қоғамды толғандыратын жайлар, өңірдің өзекті мәселелері туралы сөз қозғады.

Тәуелсіздіктің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткенін, бірақ әлі де түйіні тарқамаған мәселелер бары да айтылды. Белгілі ғалым, профессор Қазыбай Құдайбергенов ғылым саласына қолдау қажеттігін, тіл мәселесінде нәтиженің аздығы, өндірістің деңгейі мақтанатындай еместігін атап өтті.

Жиында Серік Ахмет ел тарихы, Сыр өңірі туралы кеңінен сөз қозғады.

– Ғалымдардың айтуынша, әлемде орташа есеппен алғанда 3000 халық бар. Сол халықтың 200-і ғана мемлекет құрды. Олардың 193-і БҰҰ-ның құрамында. Оның ішінде біз де бармыз. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген сөз осы жылдың ғана ұраны емес, ол – мәңгілік ұранымыз. Одан қымбат ештеңе жоқ. «Біз ұлы даланың мұрагерлеріміз» деп ауыз толтырып айтамыз. Қазақ халқының тарихы 1465 жылы құрылған Қазақ хандығынан басталмайды. Еліміздің тарихы тереңде, – деді Серік Әбжәліұлы.

Айта кету керек, шараға аудандық ардагерлер кеңесінің өкілдері онлайн қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау карантин талабына сәйкес онлайн форматта өтті.

Тұрғындарды қабылдады

Қызылорда қаласының тұрғыны Бекжан Бағланбаевтың шағымы құқық қорғау, медицина салаларына бағытталды. Айтуынша, 2019 жылы желтоқсан айында үйіне екі рет ұры түскен. Өзі күдіктілерді білетін көрінеді. Бірақ көп уақыт сандалтып қойған тәртіп сақшыларының әрекетсіздігіне налиды. Облыстық полиция департаменті тергеу басқармасының бастығы, полиция полковнигі Әбдібек Жаназаров қылмыстық істі сотқа ұсынайын десе, айғақ зат жоғын жеткізді. Б.Бағланбаевтың тағы бір мәселесі, инсульт алуына байланысты мүгедектікке шыға алмай жүр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов ол үшін емделген ауруханадан жолдама, арнайы комиссияның мақұлдауы керегін алға тартты.

Ал Жарқынай Қайырбаева науқас балаларының болашағына алаңдаулы. Біріне созылмалы іш қату, екіншісіне бүйрек ауруының диагнозы қойылған. Азғантай ғана табыс олардың еміне қажетті дәрі-дәрмекті сатып алуға жетпейді. Сондықтан ұл-қызының сауығуына, тегін медициналық препаратты алып тұруға көмек болса деп келіпті. Қала тұрғынының мұңын тыңдаған аймақтың бас дәрігері қажетті шаралар атқарылатынын айтты.

Қабылдауға келгендердің мәселесі бойынша құзырлы сала басшылары жауап берді. Облыс әкімінің орынбасары оларға әрбір ұсыныс-тілекті ескерусіз қалдырмауды тапсырды.

«Сб» ақпарат

2020: ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

ҚҰРЫЛЫСТА ІРКІЛІС ЖОҚ

Өткен жылы карантиндік шектеулер болғанымен, құрылыс қарқыны бәсеңдеген жоқ. 408 пәтерді құрайтын 39 тұрғын үйдің пайдалануға берілуінің өзі бұл саладағы серпінді көрсетеді.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Алдымен әлеуметтік нысандарды айтайық. Осы мақсатта бюджеттен 10,4 млрд теңге қаржы бөлінген. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы берген мәліметке сүйенсек, мұндай 33 нысан бой көтерген. Оның ішінде 2019 жылдан қалған, яғни өтпелі 15 құрылыс нысаны бар. Ал қалған 18-і жаңадан салынады. Былтыр 13 ғимараттың жұмысы аяқталыпты. Оның ішінде білім саласында 6, денсаулық саласы бойынша 1, мәдениетке қатысты 1, спортта 1, қоғамдық тәртіпке 2 және 2 әкімшілік ғимарат пайдалануға берілген. Ал қалған 20 ғимараттың құрылысы биыл жалғасатын болады.

Өткен жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым желілерін жүргізу үшін мемлекеттік бюджет есебінен 19,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ өңір бойынша барлық қаржыландыру көздері есебінен 1946 пәтерді құрайтын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді.

Аудандарда да бұл көрсеткіш төмен емес. Былтыр үш аудан – Қазалы, Жалағаш, Арал аудандарында бір қабатты 10 үй салынған. Әр үйде 4 пәтерден бар. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту 2020-2021» бағдарламасы аясында Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде 42 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Ал Қызылорда қаласында «СПМК-70» тұрғын ауданында 640 пәтерді құрайтын 13 көпқабатты тұрғын үй және Шиелі ауданында 25 тұрғын үй биыл аяқталмақ. Тұрғын үй көрсеткішін нақты цифрмен айтсақ, былтыр 408 пәтерді құрайтын 39 тұрғын үй пайдалануға берілген.

Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерін жүргізу үшін мемлекеттік бюджет есебінен барлығы 11 млрд теңге қаржы бөлінді. Басты жоспар – 2247 пәтерлік 139 тұрғын үйдің құрылысын, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары мен көпбалалы отбасылар үшін 342 пәтер сатып алу.

Сондай-ақ осы жылы жалға қарастырылған 57 тұрғын үй пайдалануға берілсе, олардың көбісі облыс орталығында орналасқан. Жеке коммерциялық құрылыс салушылар есебінен 220 пәтерді құрайтын 6 тұрғын үй салынып, пайдалануға беру жоспарлануда.

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІК КӨЗІ

Өткен жылдың 12 айында облыс экономикасына 291,6 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл ҚР Премьер-Министрі мен облыс әкімі арасындағы меморандумға сәйкес инвестиция тарту жоспары көрсеткішінен 27%-ке артық. Оның артығымен орындалуына Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары әсер етті. Мұның аясында 2020 жылы құны 7,1 млрд теңге болатын 89 жоба іске қосылды. Соның нәтижесінде 700-ден аса жаңа жұмыс орны құрылды.

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Атап көрсетер болсақ, азық-түлік тауарлары өндірісі – 18, азық-түлік емес тауарлар өндірісі бойынша – 8, ауыл шаруашылығында – 47, құрылыс материалдары саласында – 9, халыққа қызмет көрсету саласында 7 жоба жүзеге асырылды.

Облыс орталығында «Консервіленген түрлі өнімдер» жобасы бойынша қой, сиыр және жылқы етінен жасалған консервіленген дайын өнімдер, сонымен қатар, күріш, қарақұмық жармасы және арпа ботқасы өндіріле бастады. Осы жұмыстардың нәтижесінде нарыққа жергілікті тауар өндірушілердің өнімдері қосылуда. Мұны пандемия кезінде ұтымды жетістік деп есептеуге болады.

Индустрияландырудың үшінші бесжылдығы аясында өңірде құны 554 млрд теңгеден асатын және 7 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 26 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде екі жоба пайдалануға берілді. Ол – Арал ауданындағы Ақбасты елді мекеніндегі тауарлы балықты терең өңдеу цехтары. Оның бірі 100 тоннаға дейін ауланған балықты сақтаса, екінші цех күніне 40 дана балық консервісін дайындауда. Аталған цех пен басқа да жұмыс істеп тұрған кәсіпорын өнімдері Ресей, Польша, Қытай, Германия, Грузия елдеріне экспортқа шығарылуда.

Сондай-ақ, «Аралтұз» АҚ-ның «3-Испан цехын салу» (жоба құны – 3 млрд теңге) және «Qazaq Camel» ЖШС-ның «Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау цехы» (жоба құны – 1,5 млрд теңге) жобаларының құрылыстары басталды. Олар биыл пайдалануға берілмек. Мұнымен қатар, «Дана Кварц» ЖШС-ның «Арал ауданында кварц құмын тау-кен байыту комбинаты» жобасы толық қуаттылықта іске қосылады деген жоспар бар.

Биыл жалпы сомасы 52 млрд теңгенің 7 жобасын, оның ішінде шыны зауытын іске қосу жоспарланған. Бұл 670 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде ірі кәсіпорындар айналасында ілеспе өндірістер құру мәселесі қарастырылуда.

Сонымен қатар көктем айларында жалпы құны 93,5 млрд теңгені құрайтын кальцийленген сода өндіретін зауыт құрылысы басталып, 669 адамды жұмыспен қамту күтіліп отыр.

АСЫРАУШЫ САЛА АЛҒА ОЗЫП КЕЛЕДІ

Ауыл шаруашылығы – еліміздегі ең маңызды салалардың бірі. Өйткені халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етуде дәл осы саланың рөлі орасан зор. Қазақстандықтардың 40 проценттен астамы ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, аталған сектор дамуының мемлекет назарында болуы заңды. Сыр өңірінде де асыраушы сала жыл санап алға озуда. Оған осы бағыттағы оң көрсеткіштер дәлел.

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, былтыр 140,9 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл алдыңғы жылғыдан 2%-ке артық. Негізгі қорға 13,6 млрд теңге немесе 2019 жылғыдан 2,1 есе көп инвестиция тартылды. Егіс алқаптарын әртараптандыру бағытында игі бастамалар қолға алынды. Оның ішінде майлы және мал азығы түріндегі дақылдарға, мал жеміне арналған егістік көлемін кеңейту мәселесіне мән берілуде. Мысалы, 184,2 мың гектар егін алқабының 70 гектарына алғаш рет қант құмайы, 240 гектарына соя, 1 667 гектарына жүгері орналастырылды. Ылғал сақтағыш аквагельдерді пайдалану арқылы 80 гектар тәлімдік аумаққа күздік бидай егілді. Шаруашылық құрылымдары дақыл егу және оны жинап алу жұмысын мерзімінде агротехникалық талаптарға сай жүргізді. Күзгі орақ науқаны кезінде диқандар 551273 тонна Сыр салысын қамбаға құйды.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында тұқым сапасы артып келеді. Өткен жылы 89 492 гектарға 100% жоғары репродукциялы күріш тұқымы себілді. Соның 12%-і – отандық сорттар. Кейінгі жылдары Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары шығарған «АйКерім» мен «Сыр сұлуы» да сұраныста. Сынақтан өткен сорттар бүгінде селекциялық жетістіктер тізімінде. Олар былтыр 1156 гектар жерге орналастырылды. 2021 жылдың күріш егісіне 22244 тонна тұқым дайын. Бұл қажеттіліктен 1144 тоннаға артық.

Статистикадан мал басының артқанын аңғару қиын емес. Ал мал шаруашылығын дамытудың тиімді тетігі «Сыбаға» бағдарламасы болып тұр. Ол – ауылда мал өсіріп отырған, оның басын көбейтем деушілерге жасалған зор мүмкіндік. Бағдарлама шаруашылықтардағы, жеке мал иелеріндегі жергілікті мал тұқымын ет бағытында асылдандыру арқылы ірі қараның ет өнімділігін арттыруды, қосымша жұмыс орындарын ашуды көздейді. «Сыбаға» арқылы 2020 жылы 1000 бас ірі қара, 40 мың бас қой сатып алу, 10 мың бас бұқашықты мал бордақылау алаңдарына өткізу жоспарланды. Бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылды.

Сыр өңірінде өндірілетін көптеген өнім 17 мемлекетке экспортталып келеді. Оның 90,3 проценті – күріш. Есепті кезеңде 86,2 мың тонна негізгі дақыл шет елге жөнелтілді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 121,6%. Былтыр Қызылордадан алғаш рет Германияға 685,3 тонна қамыс, Өзбекстанға 136 тонна бидай ұны жөнелтілді. Сондай-ақ, Қытай мен Ауғанстанға 391,5 тонна мақсары майы жіберілді. Ресейліктердің қауын-қарбызымызды алдыруы да экспорт деңгейін көтеріп отыр. Бұдан бөлек, Өзбекстанға 30 бас түйе жөнелтілді.

Әлеуметтік маңызы бар тауар бағаларының өсу индексі жөнінен облыс өзге өңірлер арасында төменгі үштікте. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 2020 жылы 1234,4 млн теңге бөлініп, одан 834,5 млн тұрақтандыру қорына өнім сатып алуға, 399,4 млн теңге кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беруге бағытталды. Бүгінгі күні облыстың тұрақтандыру қорында 2085,2 тонна өнім бар. Сауда орындарында азық-түлік қоры жеткілікті, тапшылық байқалмайды.

Экономиканы алға бастайтын секторды дамыту бойынша атқарылған шаралар аз емес. Алайда, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту үшін жүзеге асырылар іс әлі жетерлік. Өйткені асыраушы сала жақсы дамымайынша мемлекеттің ілгерілеуі қиын.

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ БАР

2020 жылдың 28 наурызында ҚР Президентінің Жарлығымен Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықова Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды.

Индустрияландыру бағдарламасы аясында құны 1,5 млрд теңгенің 3 жобасы жүзеге асырылды (172 жұмыс орны құрылды). Олар: 1) «Сервистік дайындау орталығы» ЖШС-ның тауарлы балықты өсіру және тереңнен өңдеу кешенін кеңейту бойынша цехтың 1-кезеңі; 2) «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-ның «Балықты тереңнен өңдеу зауыты мен пластик қайық дайындау цехы құрылысы» жобасы; (1-кезең) 3) «Dana Quartz» ЖШС-ның «Арал ауданында кварц құмын байыту бойынша кен байыту комбинатының бірінші желісі» жобасы.

Біздің кәсіпорындар жыл сайынғы «Алтын сапа» конкурсында ерекшеленді. «Іскер» арнайы сыйлығымен қызылордалық «Абай-Дәулет» ЖШС марапатталды. Өнімдер мен қызмет сапасы саласындағы жетістіктері үшін ТМД сыйлығының «Азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін үздік кәсіпорын» номинациясын «Абзал и К» ТС алды.

Құрылыс индустриясында табысты жұмыс істеп келе жатқан аймақтағы ірі кәсіпорындардың бірі – тампонажды цемент зауыты. 2020 жылы зауыт 476 мың тонна цемент өндірді.

Коронавирус пандемиясымен күресте біздің дәрігерлер нағыз ерлік көрсетті.

Жалағаш ауданында жаңа аудандық аурухана ашылды.

Шалғайдағы елді мекен тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында екі жылжымалы медициналық кешен алынды. Оған республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Сондай-ақ медицина мекемелеріне науқастарды тасымалдауға қажетті құрылғылармен толық жабдықталған 40 жедел жәрдем көлігі берілді.

«Biz birgemiz!» республикалық акциясына белсенді қатысқан волонтерлар Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан Алғыс хатпен марапатталды. Волонтерлар арасында әр саланың мамандары бар.

Волонтер жылы аясында азаматтық қоғам өкілдерінің, жастардың бастамасымен «Волонтерлар фронт-офисі» құрылды.

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША

2020 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы көлемі 609 мың шаршы метрді құрады.

Тереңөзек кентінде көппәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Бұл нысандар «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған.

2020 жылы газбен қамтамасыз етудің 10 жобасын жүзеге асыруға 4,9 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 3,5 млрд теңге, облыстық бюджеттен 975,9 млн теңге, «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы арқылы 462,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта облыс тұрғындарының 65 проценті табиғи газбен қамтамасыз етілген.

Мемлекет басшысының бастамасымен дағдарысқа қарсы 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың Жол картасын» жүзеге асыру басталды. Бұл пандемия уақытында азаматтарды жұмыспен және тұрақты табыс көзімен қамтуға мүмкіндік берді. 2020 жылдың қорытындысымен 40 млрд теңгеден астам қаржыға 261 жоба жүзеге асты.



2020 жылы республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға (3,3 млрд теңге) электрмен қамтамасыз ету желілерін дамытудың 5 жобасы жүзеге асты.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 342,3 мың бас ірі қара мал тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,0 процентке көп. Сондай-ақ 549,4 мың бас қой-ешкі (116,5 процент), 164,7 мың бас жылқы (111,0 процент) және 51,7 мың бас түйе (107,7 процент) бар.

Өткен жылы аграрлық секторды мемлекеттік қолдауға 14,8 млрд теңге бөлінді. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,0 процентке артық (14,1 млрд теңге).

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ БАР

Пандемия кезеңінде кәсіпкерлерге жалға алу ақысынан босату, салық жеңілдігі және тексеруге мораторий жариялау сияқты мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бұл бизнестің толыққанды жұмыс режиміне оралуына мүмкіндік берді.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілер саны 5,1 процентке (+2360 бірлік) артып, 48657-ге жетті.

«Бизнеске арналған Үкімет» фронт-офисінің мамандары кәсіпкерлерге қызмет түрлерін көрсетеді.

Өңірде қуаттылығы жылына 12,5 мың тонналық 9 (4-і еурокод алған) балық өңдеу зауыты бар.

Бүгінде «Қызылорда автобус паркінің» 103 автобусына стационарлық валидатор мен электронды билет беру жүйесінің терминалы орнатылған. Кондукторлар мен жүргізушілер терминалды пайдаланудың қысқа мерзімді оқуынан өткен.

«Қызылорда автобус паркі» ЖШС 13 автобус алды.



Жыл қорытындысымен облыс тұрғындарының 97,5 проценті орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылды.

Облыс орталығы жыл сайын көркейіп келеді.

Қызылордадағы Сырдария өзенінің сол жағалауында «Шіркейлі» каналы арқылы өтетін көпір пайдалануға берілді.

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ БАР

«Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісіне 12 мұғалім ие болды.

Елордада өткен «Абай тағылымы – Тәуелсіздік тірегі» атты ақындар айтысында Мұхтар Ниязов үшінші рет «Алтын домбыра» иегері атанды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша облыстық ассамблеяның бастамасымен 318 түрлі форматтағы шара ұйымдастырылды. Оған 17154 адам қамтылды (онлайн аудитория).

Қазалы ауданының Ақсуат ауылында клуб ашылды.

Облыстың мәдениет үйлері мен клубтарында 9186 мәдени-көпшілік шара ұйымдастырылып, оған 1,6 млн көрермен тартылды. Оның ішінде 7665 онлайн режимде, көрілім – 1,4 млн.

Нұрсұлтан Назарбаев атындағы даңғыл – Қызылорданың көркі.

Аралда 250 орындық Оқушылар сарайы пайдалануға берілді.

Аймақта 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар. Одан бөлек жоғары спорттық шеберлік мектебі, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, олимпиадалық резерв дайындау орталығы жұмыс істейді.

Қызылордада 500 орындық «Зерде» интеллектуалдық мектебі ашылды.

Аймақтағы 665 мектепке дейінгі даярлық мекемесінде (161 мемлекеттік, 414 жеке, 90 шағын орталық) 55065 бала тәрбиеленуде. 1 мен 6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 84,9 процент, ал 3 пен 6 жас аралығындағылардың қамтылуы 100 процент.

2020: ДЕРЕК пен ДӘЙЕК



ӨНЕР мен МӘДЕНИЕТ ӨРІСІНДЕГІ ӨРНЕКТЕР

Халық қай кезде жан байлығын мал-дүниеден жоғары қойған. Бұрынғы байларымыздың бір күн жырау жырлатып, бір үйір жылқы айдатып жіберетін жомарттықтары осыны мегзейді. Осынау ұлт құндылығы тәуелсіз елдің де рухани тірегі болды.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

2020 жылы аймағымызда төтеннен киліккен қиындыққа қарамастан айшықты оқиғалардың орны аласарған жоқ.

Ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойлары жоғары деңгейде аталды. Осы мерейлі күндердің аясында ұлт тарихында ұлы есімдерін қалдырған тұлғаларды насихаттаған 2 мыңдай мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Қызылорда облыстық драма театрында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай алғаш рет А.Жұбановтың және Л.Хамидидің «Абай» операсы сахналанды. Қойылымға 100-ге жуық театр артисі қатысты. Бұл қызылордалық артистердің опера жанрындағы алғашқы қойылымы болса да, көрерменнің жоғары бағасын иеленді.

«Nur Otan» партиясымен бірлесіп өткізілген «Абай жолымен» атты республикалық ақындар айтысында еліміздің үздік айтыскерлері өнер көрсетті. Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Е.Төлеубайдың «Абай», Д.Рамазанның «Абылай ханның арманы» спектакльдері сахналанды. Сонымен қатар, театр артистері сахнаға басқа да белгілі драматургтардың шығармаларын алып шықты.

Облыс кітапханаларында әл Фараби мен ұлы Абайдың тағылымына және Алтын Орда тарихына қатысты кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Өткен жылдың мәдениет саласындағы басты оқиғаларының бірі ақтаңгер ақын Мұхтар Ниязовтың үшінші мәрте «Алтын домбыра» сыйлығын жеңіп алуы болды. Бағалы сыйлық Қызылордаға әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің құнды жәдігерлерінің тізіміне енгізілді. Жыршы, ақын Күнсұлу Түрікпен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері атанды. Қорқыт ата мұраларының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілуіне орай күй атасының шығармаларын насихаттау үшін облыстық филармония жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды.

Облыстың мәдениет үйлері мен клубтарда мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде 7665 шара онлайн түрінде өтіп, қаралымы 1,4 млн көрерменді құрады.

Облыс кітапханаларының кітап қоры 4,478 мың дананы құрады, 58850 данасы жаңа кітаппен толықты. Музейлерде 6641 экскурсия, 850 лекция, 707 көрме ұйымдастырылып, оған 182252 келуші қамтылды. Олардың үштен екісі онлайн түрінде өтіп, 145458 қаралым жинады. Облыстағы архив мекемелеріне 16129 құжат мемлекеттік сақтауға қабылданды. «Электронды архив» ақпараттық жүйесі бойынша 23780 сақтау бірлігі сандық жүйеге көшірілді. Облыс архивіне анықтамалар беру қызметі бойынша жеке және заңды тұлғалардан 14321 сұраныс түсіп, қанағаттандырылды.

Елімізде орын алған пандемиялық жағдайға байланысты барлық іс-шаралар Youtube әлеуметтік желісінде арнайы ашылған «Сыр шаңырағы» арнасында жарияланды. Бүгінгі күнге дейін халыққа осы арна арқылы 600-ден аса видеокөрсетілім жол тартты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықтың рухани құндылықтарын арттыру мақсатымен көптеген мәдени жобалар онлайн форматта жүзеге асырылды.

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеу мақсатында ежелгі Бәбіш мола қалашығына және ортағасырлық Сортөбе, Жанкент, Сығанақ, Қышқала, Асанас қалашықтарына археологиялық зерттеулер жүргізілді.

Мәдениет саласына жасалған қамқорлықтар қатары да сиреген жоқ. 18 мәдениет нысанына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Бірнеше өнер мен мәдениет үздіктері лайықты марапаттарға ие болды.

ДЕНСАУЛЫҚ: «ЖАСЫЛ АЙМАҚТАМЫЗ»

Былтыр еліміздің, оның ішінде өңірдің де денсаулық сақтау саласы үшін ауыр кезең болғаны белгілі. Белгісіз індет белең алған алғашқы уақытта отандық медицина абдырап қалғаны рас. Өйткені дүниежүзінің озық елдерінің өзі тосыннан келген кеселмен күресте қиындықтарға тап болып жатқанда, біздегі жағдайдың басқаша болуы мүмкін емес те еді. Алайда, дұрыс қабылданған шешімдер, атқарылған нақты шаралар мен медицина қызметкерлерінің табанды күресінің арқасында кеселді еңсерудің сәті түсті.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Биылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша өңірде медициналық ұйымдарға тіркелген халық саны 793184 адамды құраса, оның 267411-і, яғни, 33,7 проценті – балалар. Тұрғындарға 23 стационарлық, 21 амбулаториялық-емханалық ұйым қызмет көрсетеді.

Маман тапшылығын төмендету мақсатында былтыр облысқа 109 дәрігер тартылып, олардың 36 проценті ауылдық жерлерге жіберілген. Нәтижесінде медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының дәрігерлермен қамтылуы 90 процентті құраған. Сондай-ақ, кейінгі 3 жылда дипломнан кейінгі резидентурада 61 маман, әкімнің арнайы грантымен 100 жалпы тәжірибелік дәрігер бакалавриат бойынша білім алуда.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, пандемиямен күрес шаралары аясында облыс әкімінің нақты қолдауымен біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, Жалағаш ауданында 100 төсектік аурухана пайдалануға берілді. Жалағаш ауданы Ақсу елді мекенінде және Арал ауданы Шижаға елді мекенінде дәрігерлік амбулатория бой көтеріп, ел игілігіне қызметін бастады.

Медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында өңірдегі медициналық мекемелер жалпы құны 633,9 млн теңгенің құрал-жабдықтарымен қамтылды. Оның ішінде 11 стационарлық, 3 флюорографиялық рентген аппараты мен 2 УДЗ құрылғысы сатып алынған. Нәтижесінде саланың құрал-жабдықтармен қамтылу көрсеткіші 77 процентке өскен. 2019 жылы бұл көрсеткіш 70,1 процентті құраған болатын.

Шалғайдағы елді мекен тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджет есебінен 2 жылжымалы медициналық кешен, жедел жәрдемнің қолжетімділігін арттыруда 44 санитарлық автокөлік сатып алынды.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде облыс республикада коронавирус инфекциясының таралуы бойынша «жасыл аймақ» қатарынан көрініп келеді. Бұл, әрине, облыс басшылығы мен медицина мамандарының жүйелі жұмыс нәтижесі деп бағалаған жөн.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ:
былтырғы жаңалық – жаңа формат

Былтыр білім беру жүйесі бұрынғыдан әлдеқайда өзгеше қалыпқа түсті. Тосын шешімдер қабылданған, тәуекелге толы кезең болса да, бастысы ата-ана, мұғалім, бала атты «үштік одақ» үшін тиімді шешімдер қабылданды. Дәстүрлі жүйеден бөлек денсаулыққа қауіпсіз онлайн оқыту форматы таңдалды. Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың арнайы алгоритмі әзірленді.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Бүгінде экономикалық жүйені жақсартуды көздеген әлемнің қай елінде де адами капитал алғашқы орында. Себебі экономикаға күш салған мемлекет алдымен ғылым, білім сынды адами капитал компоненттеріне баса мән беруі керек. Елімізде де былтыр білім саласында қиындықтар туындағанына қарамастан, оңтайлы шешімдер қарастырылды.

Қашықтан оқыту жүйесінде балаларға керек басты дүниенің бірі – компьютерлік техника. Сол себепті құрылғысы мүлде жоқ оқушыларға мектеп балансындағы 14 мың компьютер берілді. Мұнан бөлек, республикалық қаржы есебінен 22870 электронды құрылғы алынып, көпбалалы және арнайы санаттағы отбасылардың балаларына табысталды. Айта кету керек, пандемия аяқталып, қалыпты тіршілікке оралғанда электронды техникалар мектептің балансына өтеді. Мұнан бөлек, жергілікті бюджет есебінен 2492 планшет, демеушілер есебінен 1518 оқушыға ноутбук пен планшет таратылды. Бұл орайда ұстаздарға да қолдау көрсетіліп, электрондық техникасы жоқ педагогтарға қайтарымсыз негізде 306 ноутбук сыйланған.

Өткен жылы педагогтарға арналған жаңа заңның қабылдануы мәртебесі төмен, құқығы шектеулі саналып келген мамандық иелерінің бірқатар басымдыққа ие болуына жол ашты. Мұғалімдердің кәсіби құқығының қорғалуы заң аясында бекітіліп, айлық жалақысы артуда. Сондай-ақ, былтыр педагог мамандығын таңдаған жастардың қатары бұрынғыдан әлдеқайда жоғары болды. Өткен жылы 6060 мектеп түлегінің 83,5 проценті ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, нәтижесінде 3948 талапкердің 77 проценті жоғары оқу орнының грантына қол жеткізді. Мектеп бітірушілердің 98 проценті университет пен колледжде оқуларын жалғастыруда.

Сапалы білім, креативті идея, биік мақсатты біріктірген мұғалімдерге деген қолдау да бөлек болды бұл жылы. Үздік ұстаздарға «Білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» деген арнайы төсбелгі тағайындалды. Сондай-ақ, педагогикадағы ерекше еңбегі мен жоғары дәрежедегі жетістіктері үшін 10 ұстаз 300 айлық есептік көрсеткіштегі, яғни 833 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақыға ие болды. Ал, республикалық «Үздік ұстаз» байқауында Сыр елінің педагогы, балабақша тәрбиешісі Зина Бердібекова 2 миллион 778 мың теңге қаржылай сыйақының иегері атанды. Мұғалімдер мерекесі қарсаңында сала мамандарына ноутбук, жолдамалар табысталып, республикаға танымал, білікті, абыройлы 10 ұстаздың бейнесі қала, аудан орталықтарының басты көшелеріне билбордқа ілінді.

Кейінгі кезде ауылдарда да еңселі білім ордаларының көбейгені қуантатын. Бүгінде ауыл мектептерінің де осал еместігі, қаламен деңгейлес екені байқалды. Өткен жылы үздік білім беру ұйымы конкурсын ауыл мектебі жеңіп, 17 миллион теңгенің сертификатын иеленді. Келесі жыл бұл қаржы екі есеге өсіп, яғни 34 миллион теңге табысталмақ.

Оқу орындарының жаңа кейіпке еніп, көркі кіріп қалғанын да аңғару қиын емес. Бірнеше жылдан бері жөндеуді қажет еткен 55 білім беру нысаны қайта жаңғыртылды. Қызылорда қаласынан және Жалағаш ауданынан 3 мектеп ел игілігіне берілсе, бүгінде тағы 3 мектептің құрылысы жүргізілуде. Жеке мектептер білім саласындағы бәсекелестікті күшейтіп, орын тапшылықты төмендетуге жол ашатыны белгілі. Жақында ғана облыстағы сегізінші жеке «Зерде» мектебі ашылды. Аймақта үш мектеп апатты жағдайда деп танылған болатын. Өткен жаңа оқу жылында Жалағаш ауданындағы 140 орындық мектеп пайдаланылуға берілсе, Жаңақорған ауданында мектеп құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, Арал қаласындағы №71 мектептің құрылысы биыл басталмақ.

Мектепке дейінгі тәрбие бағыты бойынша да нәтиже жоғары деңгейде. Өңірде 3 пен 6 жастағы балалар балабақшамен 100 процент қамтылған. Сондай-ақ, жекеменшік балабақшалардың үлесі артып, бұл көрсеткіш 72,1 процентті құрап отыр.

Сала бойынша сандарды сөйлетсек, пандемияға қарамастан оқу жүйесінің баршаға қолайлы болуы барынша қарастырылғаны байқалады. Сондай-ақ, кәсібіне адал, жұмысқа зор жауапкершілікпен қарайтын педагогтарға айрықша көңіл бөлінгені қуантады.

СЕНІМ АРҚАЛАҒАН САҢЛАҚТАР

Былтыр еркін күрестен Дәулет Ниязбеков пен бокстан Қамшыбек Қоңқабаев Токио олимпиадасына жолдама алып, жергілікті жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленді. Дүние жүзін дүрліктірген қатерлі індет салдарынан өтуі биылға жоспарланған дүбірлі додаға баратын жерлестеріміздің қатары әлі де толығуы мүмкін.

Sb Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



Алдағы күндерде спорттың көптеген түрлерінен іріктеу турнирлері өткізіледі. Сыр өңірінің сенім артқан саңлақтары арасынан каратэ-до, дзюдо және өзге де айтулы аламандарда атой салып, жолдама санын толықтыратын жастар баршылық.

Қос саңлағымыз бұдан бұрын да мұндай беделді бәсекелердің төрінде ойын көрсетіп, мол тәжірибе жинақтаған. Дәулет 2012 жылы Лондон олимпиадасында бақ сынап қайтты. Әлем чемпионатында күміс және қола жүлдегер атанды. Азия чемпионатында үш мәрте бірінші, төрт мәрте үшінші орын алды. Ал бокстан ел құрамасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев Әлем және Азия чемпионаттарында екі-екі мәрте күміс жүлдегер болды. Ендеше, олардың Токио төрінде атой салаларына сеніміміз кәміл.

Қызылорда ауыр атлетикасында жаңа жұлдыз жарқырап келеді. Рахат Бекболат есімді жас өреніміз Перудің Лима қаласында ауыр атлетикадан өткен онлайн Әлем кубогында чемпион атанды. Ол жасөспірімдер арасында 102 келі салмақ дәрежесінде қоссайыс қорытындысымен 319 келіні (140+179) бағындырды. Жас талантымыз 2020 жылдың ақпан айында Өзбекстан астанасы – Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында чемпиондық тұғырға көтеріліп, серпе көтеруде әлемдік рекордты жаңартқан болатын.

СЕНБІЛІК СҰХБАТ

«Бәрі мультфильм кейіпкерлеріне еліктеуден басталды»

Сұхбат кейіпкері Әділ Ахметжановтың өнері таңғаларлық. Әншілігінен бөлек, сахнада даусын мың құбылтатыны қызық. Бірде рок-гитара, енді бірде керней «бола салады». Әп-сәтте саксофонға «айналатыны» тағы бар. Құдды бір өзі – бір оркестр. Білетіндердің оны «оркестр-адам» дейтіні содан.

Өзі – Шиелінің тумасы. Бүгінде Алматыда тұрып жатыр. Ретін тауып, ерекше дарын иесін әңгімеге тарттық.

– «Әзіл әлеміндегі» Қанат Әлжаппаров автоматтың, Аманғали Сыпабеков аңқұстың даусын айнытпай салады. Ал музыкалық аспаптардың үні сіздің визит карточкаңызға айналды. Бойыңызда мұндай қасиет барын қашан, қалай байқадыңыз?

– Музыкалық қабілет бойымда бала күннен бар. Мектепке барған 1998 жылы республикалық «Әнші балапан» байқауының облыстық кезеңінде бас жүлдені жеңіп алдым. Өнер жолындағы қадамым осылай жалғаса берді. Бала кезімде кино, мультфильм кейіпкерлеріне еліктеп, солардың даусын салатынмын. Өз жұртым да, нағашы жұртым да өнерден құралақан емес. Бірақ ешқайсысының кәсіби білімі жоқ. Қазақстанда маған дейін музыкалық аспаптардың даусын салатын адам болмады. Содан шығар, бұл бәріне қызық көрінді. Бірақ менің арманым кәсіби әнші ретінде танылу еді. Ол ойым да ақырындап орындалып келеді. Ерекше қабілетімнің арқасында студент кезімде, әйтеуір, аш қалғаным жоқ. Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясында оқып жүргенде жоғары курс студенттері мені өздерімен бірге тойға апарып жүрді. Ақша тапқан сайын шабытым артты. Кейін түрлі байқауларға, жобаларға шақырту алдым.

– Алғашқы табысыңыз есіңізде ме?

– Ол кезде Шиеліде мектепте оқимын. Нартай мектебін жалғастырушы жырау, марқұм Құрманбек Бекпейісов сабақтан кейін кейде той-томалаққа ертіп апаратын. Алғашқы табысыма сонда DVD плеер сатып алғаным бар. Қателеспесем, жеті-сегіз жыл соның қызығын көрдік.

– Өнердің бұл түрін қалай атайды және онымен кімдер айналысып жүр? Әлемде болсын, Қазақстанда болсын...

– Қалай атайтынын білмейді екенмін. Бірақ әлемде онымен айналысатындар көп. Мысалы, «Berywam» франциялық битбоксерлар тобы «Америка таланттарды іздейді» шоуында топ жарды. А капелла стиліндегі американдық «Naturally 7» тобы гитара, керней, ауыз сырнайы сияқты музыкалық аспаптардың даусын салады. Қазақстандықтар туралы әзірге естігенім жоқ.

– Осындай қабілетіңіздің күшімен көптеген байқауда, телевизиялық жобада көзге түстіңіз. Қайсысынан олжалы қайттыңыз?

– «Қазақстан дауысы», «I'm a singer Kazakhstan», «Жұлдызды сәт» сияқты көптеген отандық жобада көрінгенім рас. Барлығында жолым болды. Алғашқы екеуінде жартылай финалға жеттім. «Жұлдызды сәтте» белгілі себептерге байланысты жобаны жалғастырудан бас тарттым. Ешқайсысында қаржылай сыйлық алмасам да, өміріме, өнеріме азық боларлық тәжірибе жинадым.

– Шетелдіктер өзіне шақырмады ма?

– Екі жыл бұрын Германиядан шақыру келді. Бірақ тіл білмеуіме байланысты бара алмадым. Былтыр Ресей шақырды. Әзірге ойланып жүрмін.

– Қос дипломы бар кәсіби әнші екенсіз. Ән әлемінде өзіңізді қай қатардан көресіз? Қоржыныңыздағы дүниелер қай сарында?

– Әуелі өнер академиясын театр актері, одан кейін Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясын камералық концерт әншісі мамандықтары бойынша бітірдім. Ендігі арманым – тыңдарманға уақытпен сыналған ескірмейтін есті әндер ұсыну. Осыған дейін отызға тарта өлең жазыппын. Көбі лирикалық бағытта. Бірақ ешқайсысын жарыққа шығарғаным жоқ. Бір өлеңнің өзіне кем дегенде жарты жыл уақытымды жұмсаймын. Сол себепті арада қаншама жыл өтсе де, осы жазғандарым тарихта қалса екен деймін.

– Ән шығарады екенсіз. Қандай ақындармен шығармашылық байланыстасыз?

– «Бір сурет» атты тырнақалды туындым сегізінші сыныпта туды. Ол ауданда хит болды. Жүргеновте оқып жүргенде «Махаббат мелодрамасы» мюзикліне арнап ақын Қанат Жүнісовтің сөзіне ән жаздым. Қазіргі күні жерлесіміз Мөлдір Айтбай және көкшетаулық Мұхаммед Қоңқаевпен шығармашылық тандем орнаған.

– Ерекше дарыныңыз бола тұра көп әншінің бірі болып, тасада қаламын деп қорықпайсыз ба?

– Қорқатын ештеңесі жоқ. Жұмыс істесең, тасада қалмайсың. «Бір процент талант, 99 процент еңбек» деген кесімді қағида да бар ол туралы. Еңбектенген адам өз жолын табатыны анық.

– Өзіңіз айнытпай салатын музыкалық аспаптармен түгел таныссыз ба? Қанат, Аманғалилар сияқты оны басқамен ауыстыру ойда жоқ па?

– Консерваторияда саксофоншылармен, кернейшілермен, домбырашылармен, барабаншылармен, гитарашылармен араластық. Өзім дыбыстайтын аспаптармен түгел таныспын, бірақ бәрінде бірдей ойнай алмаймын.

– Танымал болған жақсы. Бірақ даусыңызды жоғалтып алуыңыз мүмкін ғой...

– Мүмкін. Бірақ бәрі бір Алланың қолында. Тек жақсы ойлау керек. Кез келген нәрсе ниетке байланысты.

– «Әншілер даусын күту үшін шикі жұмыртқа ішеді» дейді. Шынымен, солай ма?

– Қайдам, өзім олай істемейді екенмін. Білуімше, кәсіби әншілер де бұл әдісті қолданбайды. Бұл – миф. Дауыстың жақсы шығуы – әуелі Алладан, сосын үлкен дайындық пен дұрыс күтінуді талап етеді. Ұйқының қанық, көңіл-күйдің жоғары болуы да әсер етпей қоймайды.

– Қазір немен айналысып жүрсіз?

– Жеке шығармашылыққа бет бұрдым. Репертуарымды толықтыру үстіндемін. Жеке альбом шығаруға ниеттімін.

– Актерлік бітірдіңіз, ол аяқсыз қалмайтын шығар...

– Дипломдық спектакльдерде ойнадым. «Асыл арнаның» қысқаметражды фильмдерінде, «Хабар» телеарнасының «Мәдениет үйі» комедиялық телехикаясында төбе көрсеткенім бар. Толықметражды фильмдерде әзірге роль бұйырмады.

– Өнер адамдарымен араласқұраластығыңыз қалай? Кімдерді үлгі тұтасыз?

– Қай-қайсысымен де сәлемім түзу. Бірақ бәрімен бірдей сырласпын, ойымыз ортақ деуге келмейді. Дегенмен, шығармашылығымды қолдап жүретіндер бар. Үздіксіз ізденіс үстіндегі, өнерге адал, атағы Алатаудай болса да, кішіпейіл жандарды жақсы көрем. Ал кеңес және қазақ опера әншісі, КСРО мен Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ермек Серкебаев, кеңес және орыс опера әншісі, Ресейдің халық артисі Дмитрий Хворостовский, кеңес және орыс әншісі, музыкант Григорий Лепстің шығармашылығына тәнтімін.

– Отбасыңыз туралы да білгіміз келеді....

– Әке-шешем Шиелі ауданында тұрып жатыр. Інім, қос қарындасым бар. Келіншегім өнер академиясын да, консерваторияны да өзіммен бірге бітірді. Бір курста оқыдық, бір партада отырдық. Студент кезімізде көңіл жарастырып үйлендік. Қазір бала күтімімен үйде. Ұл-қызымыз өсіп келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

ЕСКІ САУРАН ЕСІГІНДЕ

Отыз жылдан аса темір жол саласында қызмет еткен еңбек ардагері, Жаңақорған өңіріне қадірлі есім Алғашбек Мампаевтың өмірдерегі туралы кітап жазбақ болып жүрген кезім. Жолбасшым – Ғалымжан Алғашбекұлы. Екеуміздің іздеген бір адамымыз Ескі Сауранның екінші басынан табылды. Ауласы ат шаптырым ақшаңқан үйдің алдындағы жатаған тамға кірдік. Салулы төсекте жасы сексенді алқымдаған арық қатпа шал жатыр екен. Қарт әкейге қос қолымызды қатар созып амандастық.

– Бұл – Камал деген әкеміз. Осы ауылда бұл кісілермен құдайы көрші тұрдық, – деп жолбасшым Ғалымжан әкейді маған, мені әкейге таныстырды. Осы өңірдің өткен өмірін, Алғашбек Мампаев туралы естелік жазып жүргенімізді түсінген шал бір қырындап, сөйлеуге ыңғайланып шынтақтады.

– Бұл жерді Ескі Сауран дейді, бірақ оған 30-шы разъезд дегенді қосып айтпасаң жұрт айыра алмайды. Бестам, Бесарық, Бескөпір деген жер атаулары да осы маңда. Сол жерлерді аралап, ойынымыздан бейнетіміз көп балалығымызды өткіздік. Біздің заманымыз қиын-қыстау заман болды. Небір тамаша кісілер өтті бұл өлкеден. Мәметек қожа деген кісі бар еді. Ел тоқ болмаса да әр жерден аттар келіп, көкпар шабатын. Ала шаңға көміліп, көкпарға жаяу еріп жүреміз сонда. Енді, міне, дым көрмегендей отырмыз, көз нашар, құлақ екі айтпасаң естімейді.

– Мәметек қожа туралы айтсаңызшы, – дедім мен сөзді бөліп.

– Таниды екенсің ғой, – деді шал. Былайша күлетін сөз. Қайдан таниын? Бірақ күлуге болмайды. Әкейдің көзі мен құлағына қоса есте сақтау қабілеті де нашарлаған. Бұл күлетін нәрсе ме? Жаңа ғана өзі маған Мәметек қожа жөнінде бір әңгіме бастап келе жатқанын ұмытып қалды. Тіпті есіне түсіре алмады. Бір тал шылымын тұтатып аузына салды да, тағы сөз бастады. Мен ендігі әңгімені бөлмей тыңдадым.

– Менің сол бала кезімде Мырзахан, Қауыс деген кісілер болды. Әйтпенбет деген шал қайтыс болғанда солардың әр үйден, біреуден бір уыс, біреуден бір тостаған тары мен бидай жинап, қап арқалап жүргенін білем. Сонда Әйтпенбеттің жаназасын шығарарда беретін құдайы тамаққа жылу жинап жүріпті. Халықтың тұрмысын осыдан біле бер. Соған қарамастан үкімет әр үйден түтінпұл жинайды. Бір әжейдің беретін ештеңесі болмады-ау деймін, екі қызыл жағалы есік алдында үстіне қи қалап жауып отырған табаны нанымен қоса бір тепкенін көзіммен көргем. Нан тепкен құдайдан безгендердің адамға қайдан жаны ашысын.

Ауылда Әбілда деген ноғай шал болған. Соның Әбілпатта деген баласы соғыстан аман-есен оралып, той жасады. Сонда мен той дегенді бірінші рет көрдім, бауырсақты бірінші рет жедім. Соғыстан соңғы жылдар жұпыны өтті. Бірақ көп ұзамай итке жуынды емес, атала істеп беретін қолы ашық күнге де жеттік.

Осыны айтып шал тағы бір темекісін тұтатып жатқанда есіктен сәлем салып жас келін кірді. Басына орамал тартып, өңірін қымтаған инабатты жан екен. Күлімсіреп, жылы қабақпен шай қамына кірісті.

– Жастау кезімде Тәшкент жақтан шыт-шыбыр, азық-түлік әкеліп сауда да жасадым. Ол кезде үнді шайы қат еді. Сол үнді шайы менің қолымда болды. Кейіндеу Алғашбек қарамағына алып, алма бақ екіздді.

Разъездерде станса кезекшілері, байланысшылар орналасқан үйлермен қатар екі отбасылық тұрғын үйлер де салынады. Бұларды темір жолмен бірге Николай кірпішімен қаланған үйлер дейді. Ыза тартпайды, мүжілмейді. Дәл осы жерге темір жол 1903 жылы келген, ол үйлер де сол жылы салынған. Ел-жұрт «казарма» деп атайтын екі отбасылық осы үйде біз Алғашбектің отбасымен біраз жыл көрші тұрдық. Бұл кісілер Мәржік деген елді мекеннен көшіп келді. Ол – 32-разъезд бен Түркістанның ортасындағы бір ауыл.

...Бір қолымда кесе, бір қолымда қалам, шып-шып терлеп, шайға да, әңгімеге де қанықпағандаймын. Арасында әлгі келінге еріксіз қарап қоямын. Шал сөзін бөліп-бөліп, көп нәрсені есіне түсіре алмағандай, ойындағысын түсіндіре алмағандай абдырай берді. Шамасы, шаршап та қалған шығар. «Сексен көрейін деген жасым ба еді, быламық жеймін деген асым ба еді» деп мақалдатты. Оңай емес, оның үстіне науқас сыңар болып жатқан сыңайлы. Шап жақтан түтік шығарып, бір ұшын шыны құтыға салып қойғанын байқадым.

Келіннен кейін кіріп, аяқ жаққа шешей де жайғасқан. Ол бәсең дауыспен Ғалымжанға әңгіме айтып отырды. Аз ғана үзілісті қалт жібермеген келін «шай ішіңіз» деп ілтипат танытты. Шырайлы келіннің бал қосып бергендей шайы әңгімемен қосылып жүре берді.

Ендігі сөзді шешей жалғады.

– Біз бұл отбасымен қабырғамен бөлінген екі үйде тұрсақ та, бір үйде тұрғандай болдық. Бөлек тамақ ішкен емеспіз. Ыдыс-аяғымызды сенікі, менікі демедік. Ілескүл де мың болғыр жан ғой. Есігіміз ілінбейтін, жабылмайтын.

Пойыз деген күні-түні ағылып жатады. Біз тарс-тұрс доңғалақтардың даусына үйреніп кеткенбіз. Пойыздардың темірді темірге ұрып, бақырып-шақыратыны құлағымызға әуендей жағады. Бір күні мал іздеген бір кісі келіп, біздің үйге қона кетпекші болды. Түнгі пойыздардың тарсыл-гүрсілінен ұйықтай алмаған сол кісі түн ортасында атына мініп кетіп қалды. Ілескүл екеуміз оған әбден күлдік.

Алекеңді бұл жердің жұрты қатты сыйлады, жақсы көрді. Бастық болса да жұмысшылары үшін қарапайым адам. Біреуді сөкпейді, біреуді жамандамайды. Жұмысқа берілген, жұртқа қайырымды. Осы темір жолдың жағасына 1973 жылы 200 түп алма ағашын отырғыздық. Бұл – Алекеңнің бастамасымен жасалған тірлік. Сонда басшы есебінде жұмысты сырттан бақылап, нұсқау беріп тұрмайды. Қолына күрек алып жер қазады, шелек алып су тасиды. «Ертең тәтті алманы жейтін немерелеріміз бізге рахмет айтады» деп күлімсірейтін. Күлімдеп тұрған бастықтың алдында кім жалқаулансын. Ол кісінің жұмысшылары өз міндеттерін адал атқаратын.

Мен өзім «чистильщик» деп аталатын жұмыс атқардым. Рельстердің қосылысына қар қатып, тас тұрып қалмау керек, ол жолдың ауысуына кедергі келтіреді. Соларды сыпырып тазалаймын, жуамын. Жыырма бір жыл істеп, теңге ауыспай тұрғанда Ресейдің 7 рублімен зейнетке шығарды.

Алғашбектің үйі алма бақ екеннен соң бір жылдан кейін-ақ Жаңақорғанға көшіп кетті. Ол кісі жұмысшыларына үй салып беруге дейін жұмыс жасап, басшылықтың бетін соған бұрған. Көшуіне байланысты ол ойын орындай алмады. Осы жердегі жұрт олардың көшпегенін қалады. Бір адам қалмай көшті шығарып салуға жиналды. «Сіз секілді қамқор адам бізге енді табыла ма?» деп жұрт қимай қоштасты. Ауыл арасы жақын болса да, айшылық жерге кетіп бара жатқандай айырылысу қиын соқты. Мен жылап қалдым. Алекеңнен кейінгі бастық болып келгендер есімізде де қалған жоқ. Бірі келіп, бірі кетті. Дайын алма баққа егелік жасады.

1994 жылы жол бойынан алшақ, ауыл ортасынан осы үйді салып алдық. Балалар бөлек кетті. Қолдағы ұлым барып-келіп Астанада жұмыс істеп жүр. Мынау – келінім, қырғыз қызы. Біздің жағдайымызға, ыстық-суығымызға қарап отыр.

Пойыз баяғыдай үйдің іргесін солқылдатып өтпейді. Дауысы алысырақтан естіледі. Сол пойыздың даусындай баяғы өміріміз де алыстап кетті. Дәуіріміздің ең дәмді, тәтті кезеңдері сол жылдар, Алекеңмен, оның отбасымен бірге тұрған кез екен.

***

Біз осылайша баяғы көрші әңгімесіне көкірегіміз, қырғыз келіннің шайына шөліміз қанып, тағы да жолға түстік. Қызылордадан бері бет алғанда әр-әр жердегі қарға суарылған суық желден көкірегімізді қымтай шыққан едік, бұл жақта күн шуағын төгіп тұрды, ал, жер көкпеңбек.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылдың 19 қыркүйектегі №56 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру тетіктерін жүзеге асыру» Қағидасының II параграфына сәйкес, «Байқоңыр (Байконур)» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қоры бойынша мамандандырылған ұйымы ретінде, нарықтағы кәсіпкерлік субъектілерін картоп, бас пияз, сәбіз, қырыққабат, тауық еті, сүзбе 5-9%, сары май 72,5%, айран 2,5% өнімдеріне займ рәсімдеуге шақырады.

Займ талаптары бойынша жалпы ақпаратты **www.spk-baikonur.kz** ресми сайты және **8(7242)-70-16-11** байланыс телефоны арқылы алуға болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, №4.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27801 Тапсырыс №218 | Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**